

# **Х А Б А Р Л А Р Ы**

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕРІКТІ ӨЛЕҢ ҮЛГІЛЕРІ

Өлең құрылысының қазақ поэзиясында қазіргі дәуірде өркендеп-дамуын сөз еткенде қалайда басын ашып алуға тиісті бір мәселе бар. Ол – қазақ поэзиясында ерікті өлең түрі қалыптасқан ба, қалыптасқан болса, оның басты өзгешеліктері қандай, қай нұсқаларды осы өлең түріне жатқызуға болады? – міне, осыны айқындау.

Қазақ поэзиясындағы ертеден қалыптасқан, кең тараған өлең өлшемдерінде буын саны тұрақты тармақтар қолданылатындығы, яғни, өлеңнің жүйесі силабикалық болуы – мұның өзі сырт қарағанда ерікті өлең түрін пайдалануға мүмкіндік бермейтін көрінуі ықтимал. Ал асылында, ерікті өлең түрін ұлттық өлең құрылысына, поэзиядағы негізгі өлең жүйесіне қарсы қоюға болмайды. Ерікті өлең түрін қолдану – бұл силабикалық өлең жүйесін бұзу, буын санын тұрақты қалыпта сақтау принципін жоққа шығару деп ойлау дұрыс болмаған болар еді. Өйткені бірді-екілі шығармаларында ерікті өлең түрін пайдаланған ақын басқа шығармаларын белгілі тұрақталған өлең өлшемдерін қолданып жаза береді. Кейбір ақындар ерікті өлең түріне өз туындыларында азды-көпті көңіл қойған болса, бұдан енді ұлттық поэзиямыз қалыптасқан өлең өлшемдерінен безіну керек деген қорытынды тумаса керек.

Өлеңнің мұндай түрі басқа халықтардың поэзиясында да бар екені мәлім. Орыс поэзиясында да осындай өлең үлгісін ерікті өлең (свободный стих) деп атайды. Ал бұл атаудың өзі орыс тіліне кезінде француз поэзиясынан кірген болатын (французша – *vers libre* – верлибр). Ерікті өлең кеңірек өріс алған орыс, француз поэзиясына көз салсақ, бұл өлең түрі мен қалыптасқан өлең өлшемдері – негізгі өлең жүйесі – қатар дами беретінін анық байқаймыз. Ендеше бұлар бірін бірі ығыстыратын, бір-бірімен сыйыспайтын нәрселер деуге болмайды. Әрқайсысының өз мүмкіншілігі, өзінше артықшылығы бар.

Ерікті өлеңнің ұлттық өлең жүйесінен мүлде тыс тұратын, онымен ешқандай жанасымы жоқ томаға-тұйық құбылыс болмайтыны әбден орынды. Себебі ол жай қара сөз болмай, өлең болуы үшін өлеңдік белгілерден түгелдей жұрдай болмаса керек. Ерікті өлең поэзияда қалыптасқан ырғақ-өрнектерге аз да болса сүйенеді, олардың жекелеген белгілерін қалайда пайдаланып кейбір ұтымды тәсілдерін тірек етеді. Айталық, қазақ поэзиясында өлеңің ұйқассыз жазылғаны байқалмайды. Шумақ өрнегі үнемі болмаса да, көбінесе сақталады. Әсіресе үлкен мәні бар нәрсе – ұзынды-қысқалы болсын, әйтеуір тармақтар қолданылады. Және олардың ішінде көлемі, құрылысы қалыптасқан ырғақтық үлгі-өрнектерге сәйкес алынатыны аз болмайды. Тегіс болмағанымен, өлең тармақтарының бірталайын осылай құруға ұмтылғандық байқалады.

Осындай айрықша маңызды нәрсе – поэзияда қалыптасқан, ырғағы жеңіл, ширақ сөйлем құру, сөз қиюластыру үлгілері жүйелі түрде, үнемі белгілі өрнектерге сәйкес алынбаса да, кейде жеке-жеке алынып, кейде



топтап алынып, алмастырылып, басқаша құрылған үлгілермен қабаттастырылып, қалайда қолданылып отыратыны. Мұның өзі сөйлемдерді, сөз орамдарын ұзынды-қысқалы етіп мейлінше әркелкі құруға мүмкіндік береді. Көлемі, ырғақ-өрнегі әрқилы тармақтардың көптеп араласып кете беруінің есесіне осындай тармақтардың бірнешеуінде сөйлемдерді синтаксистік, интонациялық құрылысы жағынан біркелкі етіп алу тәсілі кеңінен пайдаланылады.

Осы айтылғандарды қорыта келгенде қазақ поэзиясындағы ерікті өлеңнің анықтамасы қандай болмақ десек, оны белгілі бір өлшем берік сақталмайтын, алайда қалыптасқан ырғақтық өрнек-үлгілерді еркін, өзгеше қолдануға негізделетін, ұйқасы бар, сөйлемдердің синтаксистік, интонациялық құрылысы ауызша сөйлеу қалпына мейлінше жақын келетін өлең түрі деп айта аламыз. Әрине, қазақ поэзиясындағы ерікті өлеңнің түрлері біркелкі емес, сан алуан және оларды одан әрі толықтырып, өрістетіп, байыта түсу мүмкіншілігі мол екені даусыз. Бірақ ерікті өлеңді өлең емес ұйқасқан қара сөзден (мысалы, қысқа нақыл сөз, шешендік сөздердің сондай түрлерінен) ажырата білген дұрыс. Сондай-ақ, қазақ поэзиясында әсіресе жазба әдебиеті дамыған дәуірде көп қолданылып жүрген аралас буынды өлшемдердің де сипаты мүлде бөлек, ерікті өлең олардан басқаша құрылатынын атап айту қажет. Аралас буынды өлең түрінде (айталық, «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің») шумақта ұзынды-қысқалы тармақтар қолданылады да, бірақ шумақтың өрнегі яки тармақтардың көлемі (және бунақталу қалпы да), кезектесу реті келесі шумақтарда айнымай сақталып отырады. Ал ерікті өлеңде ұзын-қысқалы тармақтардың көлемінде, кезектесу ретінде дәл мөлшер болмайды. Тек бірнеше өзінше қалыпты ырғағы бар тармақтар көбірек кездесіп, өлеңге тірек, арқау болғандай қызмет атқара алады.

Ерікті өлең түрін қолдануды жәй әншейін белгілі өлшем өрнектерден бас тартып, тармақтағы буын санын қалай болса солай ала беруге ұмтылу емес, өлең сөздің ырғағын шеберлеп түрлендіру, сөздің ырғақтық-интонациялық оралымдығын арттыра түсу тәсілі деп қарауға керек.

Ерікті өлең ауызша поэзиямыздағы кейбір үлгілермен тамырлас. Алайда қазақ поэзиясында оның негізгі сипат-белгілері әбден айқындалып, жаңа үлгілермен молығып, өркендеген тұсы – жазба әдебиеті қалыптасып-дамыған дәуір, әсіресе, соңғы кезең. Мұны айтқанда біз ерікті өлең түрін зерттеп, ол жайында ойласып, байсалды пікір қорытудың, алдымен, бүгінгі замандағы поэзияның өсу жолын, өлең-жырдағы жаңашылдық мәселесін айқын түсіну үшін қажеттігін атап өтпекпіз.

Ерікті өлеңнің байырғы үлгілері халық поэзиясында қысқа нақыл өлеңдерде, тақпақтарда, шегендік сөздерде кездесіп отырады. Қолма-қол ауызша шығарылып айтылатын, ерекше тапқырлықтан туатын ойнақы, өткір шешендік сөздер қисындылығы, ықшамдылығы, ырғағының жеңілдігімен де, тақпақтап, еселеп, екпіндетіп айтуға лайық болған. Сәкен, Ілияс, Сәбит, Бейімбеттер ерікті өлең түрін қолданғанда халықтық өрнектерді шебер пайдаланды. Сонымен қатар осы бағытта іздеу нәтижесінде туған айтуға



тұрарлық, сәтті шыққан жаңалықтар да бар екенін әр қилы өлең-жырларды келтіріп, дәлелдеуге болады.

Ерікті өлеңнің үлгілері ретінде алдымен Сәкеннің «Бір ақынның сандырағы», Сәбит Мұқановтың «Шоқпыттың шаруасы», Илиястың «Қазақы өорытынды», «Ала бие», Бейімбеттің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» тәрізді өлеңдерін атауға керек. Осылардың ішінде біраз оқшаулау тұрғаны – «Бір ақынның сандырағы». Бұл өлеңде бастан-аяқ болмаса да, бірталай тұста белгілі бір ырғақ өрнегін сақтауға ұмтылғандықтың ізі бар. Өлеңнің басқы бөлшегін талдап көрелік:

Ауру ақын  
Ыңқылдайды төсекте  
Қыстығып.  
Доктор жақын,  
Қасында отыр есептеп  
Ыстығын.  
Блок, Бальмонт  
Жастығының астында –  
Иманшарты.  
Әлі де әл көп,  
Ақ орамал басында.  
Сөйледі шалқып...

Осы үзіндіні үш тармақтан топтап алып, қарастырсақ, үнемі бастапқы тармақ төрт буынды, ал келесі тармақ жеті буынды (4 буын + 3 буын) болып келетінін байқаймыз. Бұларға үш-төрт не бес буынды тармақтар бір-бірден қосарланып отырған.

Енді өлең соңында бөлектеніп тұрған шумаққа назар аударалық:

Блок, Бальмонт жастығының астында,  
Ақ орамал күңгірттенді басында.  
«Дай компресс, сал, компресс!»  
Састы доктор қасында.

Алғашқы екі тармақ он бір буынды. Жоғарыдағы бастапқысы төрт буын, келесісі жеті буын болып бөлініп тұрған қос тармақтар мен бұлардың өрнегінде ешбір айырма жоқ. Ал осы шумақтағы соңғы бір сегіз буынды, бірі жеті буынды екі тармақтың бунақ өрнегі де сол біз қарастырған тармақтармен негіздес келеді.

Өлеңнің бұдан басқа тағы бір бөлігінде Сәкен дарашыл ақынның мінез-тұлғасын, әрекетін баяндап-сипаттамай, тікелей оның өзін сөйлетіп соның сөйлеу ерекшелігі арқылы елестеуге ұмтылады.

Мен отпын, жанамын!  
Мен отпын.



Мен нажағай – жарамын!

Мен оқпын.

Мен құдаймын!

Мен күн, аймын! –

деп басталып, әрі қарай да осыған ұқсас құрылатын өлеңнің бұл бөлігінде ұзынды-қысқалы тармақтардың басын қосып, олардың ырғақ-интонациясы жағынан үйлес айтылуына біршама себепші болып тұрған нәрсе – мұндағы тізбектелген сөйлемдердің көпшілігі қысқа-қысқа келіп, құрылысы біркелкі болып және бастауышы үнемі дерлік қайталанып отырады. Тақ-тұқ айтылатын, келте тармақтардың көп болуымен қатар ұйқастың жиілей түсуі де сөз ырғағын ширатып, оған жеңілдік сипат береді. Ал тармақтардың бірі мөлшерден кем, бірі артық шығып жатуы шалықтап, шалқып айтылған мағынасыз сөздің қиюы жоқ, қисынсыздығын айқындай түсу үшін бұл тұста өзінше көркемдік тәсіл ретінде әдейі жасалғаны сезіледі.

Сәбиттің «Шоқпыттың шаруасы» атты өлеңі де ырғақ өрнегінің өзгешелігімен ерекше көз тартарлық. Бұл өлең ырғағы, интонациялық, синтаксистік құрылысы жағынан халықтың шегендік сөздері, нақыл тақпақтарымен тамырлас және мысал өлеңдерде кеңінен тарап, қазіргі кезде әбден орныққан ерікті өлең түрінің алғашқы үлгісі.

Шоқпыттың күні нашар болды,

Бар малы бір қашар болды.

Жазғы үйі дауылда құлап,

Қыс қорасы осал болды.

...Бір қызы байдың бесігін тербетті,

Екі ұлы ержетті, бетімен кетті.

Өзге жаны күндіз-түнідамыл жоқ,

Тұрған байдың көп ісін дендетті.

Мұны біз ырғақ-өлшем тұрғысынан қарағанда қара сөз бен анық өлеңнің арасында тұрған, жартылай өлең түріне келетін қызықты үлгі десек те болады. Әр тармақтың берік сақталатын белгілі өрнегі болмаса да мүлде шеті-шеңбері жоқ емес, жиірек қайталанып түсіп отыратын бірнеше қалыпты ырғақ-нақыштар, айшықтар да жетерліктей. Буын саны әр түрлі болып келе беретін (негізінен алғанда жетіден он бір-он екіге дейін) тармақтар ырғақ-интонациясы жағынан оқшауланып, дербестік сипат алатын екі бөлшектен тұратынын аңдаймыз (Мысалы: Шоқпыттың күні / нашар болды). Сөйлемдердің құрылысын алсақ, белгілі бір өрнектердің жиі қолданылатыны, тармақ соңында көп ретте етістік келіп және ұйқас ішінде соның алдыңғы сөздердің үйлесіне қосарланып қайталанып отыратыны байқалады. Өлеңде бастан-аяқ төрт тармақты шумақ қолданылып, ақсақ ұйқас (ааба) тәртібімен бірінші, екінші, төртінші тармақтар үнемі өзара үйлесіп отыратынын да атап өту керек.



Ілиястың «Қазақы қорытынды», «Ала бие», Бейімбеттің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» атты өлеңдеріне тән бір қасиет – олар екі адамның бет-бет келіп сөйлескен сөзі (диалог) түрінде құрылған. Екі кісінің әрқайсысының сөзін көбінесе шақтап қана алып, қысқа тармаққа сиғызып отырған да, олардың сөздері кезектесіп, үнемі алмасып келуінің өзі де өлең ырғағының нақ-нақ айтылуына себін тигізетінін көреміз. Ал өлең тармақтары буын саны бірдей, құрылысы үнемі біркелкі болмағанымен ырғағы қалай да жеңіл, ықшамды келеді, халықтың мақал-мәтелдерінде, нақыл сөздерінде, түрлі тақпақ өлеңдерде қалыптасқан ырғақтық өрнектер көп қолданылады. Ұйқас та мейлінше жиі алынып, тармақтардың өзара қиюласып бірнешеуден топтасуына ықпал жасайды.

Аталған өлеңдерді («Қазақы қорытынды», «Ала бие», «Ыбыраймыз, Ыбыраймын») еске түсірсек, не оқып өтсек, сырт қарағанда бір-біріне жанасымы жоқ секілді көрінген ұзынды-қысқалы тармақтардың да жақсы қиюласып, ырғағы бірыңғай жеңіл шығатынын аңғарамыз. Алғашқы өлеңнің басында келетін тармақтарды алсақ. «Әликүм салам», «Қайдан балам», «Не жақсы, жаман» деген төрт, бес буынды тармақтар ырғағы жағынан өзара сәйкес болса, «Қаладан», «Ел аман» деген үш буынды тармақтар да сондай сәйкес шығады. Ал «Әйел ерге барады қалаған», «Еркек әйел алады таңдаған» деген екі ұзын тармақты алсақ, бұлардың өзара жақындығын былай қойғанда әрқайсысы жоғарыдағы бір ұзынырақ, бір қысқарақ тармақтың екеуінен (Қайдан балам? Қаладан, немесе: Не жақсы, жаман? Ел аман) теңесуге бейім тұрғаны аңғарылады. Әрине, мұндай сәйкестік үнемі кездеспейді. Екінші өлеңнен тіпті бір-бірімен үйлес келетін тармақтардың да («Болды береке жүйе», «Бермек еді Шүйе», «Қылмады ие», «Тигені – ала бие») бес, алты, жеті, сегіз буынды болып әркелкі келе беретінін көруге болады. Соңғы өлеңдегі «Ыбыраймын – Жаймын», «Қалай екен – Арыз берген малай екен» деген үйлес тармақтар да ұзынды-қысқалы.

Ырғағы еркін, толқымалы болғандықтан бұлар тәрізді өлеңдерде ауыз-екі сөздің айтылу қалпы, интонациялық, синтаксистік өзгешеліктері мейлінше толық сақталады.

Өлеңде ауыз-екі сөйлеп айтылатын сөздің өз қалпын, ондағы дауыстың өз бетінше толқын-толқын құбылуын мол сақтауға ұмтылғандықты Дихан Әбілевтің «Айтшы, теңіз, сырыңды» деген жырынан да анық байқаймыз.

Теңіз! Теңіз!  
Айтшы, теңіз, сыртыңды маған!  
Дүниеге қашан келдің,  
Сенен үлкен бе, кіші ме адам?  
Күнмен, аймен құрдаспысың,  
Қай жылы жаратылғаныңды айтып па еді бабаң?  
Бермесен жауап бұларға.  
Мына бір сауал ұнар ма?  
Жер үсті меңіреу, мылқау тілсіманда  
Жатқанда зілзәла боп зымыстанда,



Мұз құшқанда.

От құсқанда.

Дүние сілкінгенде,

Топан іркілгенде пайда болдың ба?

Не бар екен сенен бұрын сенің орнында?

Бермесей жауап бұларға.

Мына бір сауал ұнар ма?

Теңіз! Теңіз!

Сен сөзсіз жер жүрегінен тудың,

Көкке шапшып көк ала толқын нуың

Бұлтты тербетіпсің.

Осынша құдіретті боп, жойқыным,

Қалай ержетіпсің?..

Ақын теңізге қарап, терең ойға шомып, одан сан түрлі сауалдарға жауап алғысы келгендей тебіренеді. Және осындай толғана, сыр тарта сөйлеген адамның сөзінің айтылу өзгешелігін неғұрлым айқынырақ көрсетпекші болып, өлеңнің ырғақ-интонациясын мейлінше толқымалы етіп келтіреді. Сөйлем құрғанда, олардың әр тобын өлеңде әдетте кездесетіндей үнемі біркелкі етіп өрнектемей, көбінесе әр қалай келтіріп, еркін ширатып отырады. Дәлірек айтсақ, сөйлем құруда да, тармақтарды өрнектегенде де осы екі түрлі тәсілді бірдей қолданады. Ең жиі кездесетін тармақ: «Айтшы, теңіз, сырынды маған!» дегендегідей тоғыз буынды боп, 4 буын + 3 буын + 2 буыннан өрнектеледі.

Бермесей жауап бұларға.

Мына бір сауал ұнар ма?

деген жыр өлшемімен құрылған сегіз буынды қос тармақ әр жерде қайталанып келіп, сөз ырғағының жеделдігін арттыра түсуге себепші болады. Бірақ солармен қатар он бір буынды тармақтар да, кейде тіпті он екі, он үш, он төрт буынды тармақтар да, буын саны әр қилы қысқарақ тармақтар да кездесіп отырады.

Жер үсті менреу-мылқау тылсыманда

Жатқанда зілзәла боп зымыстанда, —

немесе:

Көкке шапшып көк ала толқын нуың, —

деген секілді он бір буынды тармақтардың ырғақ-өрнегі қалыпты, үйреншікті екенін көрсек,

Қай жылы жаралғаныңды айтып па еді бабаң...

Не бар екен сенен бұрын сенің орнында, —



секілді он төрт, он үш, он екі буынды тармақтардың ырғағы ауызекі сөздің айтылу қалпына толығынан сәйкестендіріліп алынғаны байқалады.

Қысқарақ тармақтар да (мысалы, төрт буынды «Теңіз! Теңіз!», бес буынды «Жер перзентісің», алты буынды «Қалай ержетіпсің?») жәй ұзын тармақты бөлшектей салудың нәтижесі емес, өзінше дербес, бөлек құрылған.

Ерікті өлеңнің үлгісін Ә.Сәрсенбаевтың шығармаларынан да табуға болады.

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?  
Ол ақшаға сатқан жоқ  
Тізеден кесіп алғын.  
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ  
Қолтықтағы ұзын таяғын.

Кеше елге қатер төнгенде,  
Ол жауға қарсы шапты.  
Бізді жалмамақ болған ажалды  
Өр кеудесімен қақты.  
Ол арыстанша алысты,  
Өлім соққысын өз үстіне алды.  
Денесін оқ пәршелесе де,  
Ел намысын қорғап қалды...

Бұл өлең жеделдетіп айтып, әндете оқып кетуге көнбейді. Дауыс толқыны, ырғағы ауызекі сөздің айтылу қалпына мейлінше сәйкес келген. «Сен құрметте оны» дегенді алты буын етіп те, сөз арасында екі дауысты қатарласып кететіндіктен алғашқысын түсіріп бес буын етіп те айтуға болады. Сонда өлең тармақтары бес-алтыдан бастап он бір буынға дейін әр түрлі болып түсе береді. Бірақ олардың басым көпшілігі жеті, сегіз, тоғыз, он буынды. Осы ұзынды-қысқалы тармақтардың бунақталуы да әр қалай, белгілі өрнек қалпын қатаң сақтау кездеспейді. Өлеңде шумақ, ұйқас берік сақталған. Әр шумақ төрт не алты тармақтан құралған. Ұйқасы аттамалы, үнемі жұп санды тармақтар үйлесіп отырады. Ал өлең ырғағы мейлінше ерікті, толқымалы. Сөйлемдердің интонациясы, синтаксистік құрылысы әндетпей, дауысты еркін құбылтып сөйлеуге, жеке сөзді, қысқа сөйлемшені оқшаулап, бөліп алып, нақ-нақ айтуға өте қолайлы. Бірінші тармақтағы «сен», үшінші тармақтағы «ол» деген секілді сөздер осылай дауыстың екпін-ырғағымен оқшауланып, баса айтылады.

Әбділда Тәжібаевтің «Құрдасқа» атты өлеңін талдап қарау үшін оның алғашқы жарымын алсақ та жеткілікті.

Ие, екеуміз бір күн тудық,  
Құрдасжан,  
Бірге көрдік жарықты.



Содан бері айнымастан,  
Айрылмастан бірге жасап келеміз.  
Есінде ме құмда үйрілген құйынның  
Жолымызды тосқаны?  
Есінде ме аждаһадай боранның  
Аранын бізге ашқаны?  
Тоқтадық па сонда біз?  
Жоқ!  
Тоқырадық па сонда біз?  
Жоқ!  
Біз Ильичтің өзіне жетіп қосылдық.  
Содан бастап, құрдасым,  
Сен екі көзімнің берісің.  
Екі қолымның бірісің.  
Сенсіз, досым, жалқымын.  
Сенсіз, досым, жартымын.  
Құрдасым,  
Сен жігіт шақта қандай ең?  
Адамзаттың алыбындай едің ау!  
Тау селдерін бас білдірер асаудай  
Тулаған, шыңғырған күйде жетелеп,  
Апардың ғой шөл далаға тетелеп.  
Көк бұйратқа ұя салды қанша құс,  
Ұшты екен қанша алып қанат. Балапан!..  
Сәуле ұстауға жайылды қанша алақан!  
Сен қолыңмен жасаған,  
Тастарын өзің қашаған  
Қалалар қанша, бауырым!

Мұнда ақын өлеңнің ырғақтық құрылысына негізгі арқау етіп екі-үш-ақ түрлі өрнекті алады: 4 буын + 4 буын + 3 буын және 4 буын + 3 буын, немесе 3 буын + 2 буын + 3 буын. Бұл өрнектер де түрліше алмасады және кейде осы тармақтардың ырғағы басқаша өріліп (мысалы: Екі / қолымның / бірісің; Тулаған / шыңғырған күйде / жетелеп), оның үстіне әр жерде тоғыз, он екі буынды тармақтар да, бірлі-жарым қысқа тармақтар да қосылып отырады. Өлең ырғағының осылай сөйлеп айтылған сөздің ырқымен әдеттегіден гөрі еркінірек құбылып отыруы өлең сөз интонациясын түрлендіре түсіп, өлең өлшемінің мөлшері шектеп қойғандай көрінбей көбірек сөз мағынасына, ой ағысына бағынғандай сезіледі.

Кейінгі жылдарда ырғағы еркін өзгеріп отыратын өлең түрі көлемі ықшамды, аса үлкен емес лирикалық шығармаларда көбірек қолданылып келеді. Мысалға Сырбай Мәуленовтың «Адам өлмейді» атты жырын келтіруге болады.



От басында,  
Кейде жолда,  
Апатта  
Не тасқында.  
Қара қоршау –  
Ажалдың ноқтасындай  
Тұрады газеттің  
Төртінші беті астында.

Адам өлмейді –  
Қалады көз нұры  
Тауларда,  
Ормандарда,  
Өзендерде,  
Атылады ол жалын боп  
Дауылды,  
Өрт-жалынды кезеңдерде  
Есімі оның  
Теріліп баспаханаларда,  
Тұрады ісі үлгі боп  
Бас мақалаларда,  
Адам өлмейді –  
Тіршілік туындайды.  
Отқа атылған,  
Оққа атылған,  
Космосқа көтерілген  
Жалын жүректер  
Еш уақыт суынбайды.

Өлең тармақтарының дені үш, төрт буынды ырғақтарға негізделіп құрылғанын көреміз. Өлеңнің бастапқы бөлігі тоғыз тармақтан тұрады. Осындағы алғашқы алты тармақты алсақ және бірінші тармақтың «Адам өлед(і)» боп соңғы қысқа дауысты дыбыстың оқығанда түсіп қалатынын ескерсек, осы тармақтардың біреуі ғана үш буынды, қалғандары тегіс төрт буынды болып шығады. Одан кейін келетін үш тармақты алсақ, бұлар да қалай да үш, төрт буынды ырғақпен өрілген. Не 3 буын + 3 буын, не 3 буын + 4 буын болып келеді (бет(і) астында дегенде де соңғы дыбыстың оқығанда түсіп қалатынын ескеру қажет).

Өлең ырғағы белгілі, қалыптасқан өлшемдердің өрнегіне үнемі сәйкес келмесе де, кейде өте жақын, не тіпті дәлме-дәл келіп отырады.

Мысалы:

Кейде жолда  
Апатта  
Не тасқында;



немесе:

Қара қоршау –  
Ажалдың ноқтасындай –

дегендерді алсақ, бұлар 4 буын + 3 буын + 4 буын болып келетін он бір буынды өлеңнің өрнегіне сәйкес келеді.

Өлеңнің екінші бөліміндегі:

Тауларда,  
Ормандарда,  
Өзендерде...

және:

Дауылды  
Өрт-жалынды кезеңдерде, –

деген тармақтар да он бір буынды өлең өрнегіне орайлас құрылған (3 буын + 4 буын + 4 буын).

Мұндай ырғағы еркін, құбылмалы келетін өлеңде ұйқастың атқаратын қызметі арта түседі. Ол өлең ырғағының ширақтығын күшейтіп, тармақтардың шек-жігін ажыратуға үлкен дәнекер болуға керек. *От басында – тасқында – ноқтасындай – бет(i) астында* деген тәрізді ұйқастардан осыны анық аңдаймыз. Ұйқасты айшықтай түсу мақсатымен ақын, бірде, тіпті, қазақ поэзиясында ұшыраспайтын алты буынды сөздердің үйлесін де қолданады: *баспаханаларда – бас мақалаларда*.

Өлең ырғағын өзінше өрнектеп келтіру жағынан Фариза Оңғарсынованың бірталай шығармалары айрықша көз тартады. Сөз қолдану ерекшеліктерінен де, сөйлемдердің синтаксистік құрылысы мен өлеңнің ырғақ-интонациясынан да ақынның өзіне тән публицистикалық үнділікті, еркін сөйлеп айтылатын сөзде ғана болатын оралымдылықты мол сезінеміз.

Мен комсомол – жастықпын,  
Алау жүзімді ақ түтек боран мен  
даланың аптап күні өпкен,  
Қиындықтарда қылыштай құрыш білекпен  
Болашақтарға бақыт жолын тік тартып,  
жапан түздерді түлеткен.  
О, дауылды ғасырым!  
Арынды екпін мен арман –  
шыңдарға самғаған,  
Алдыңда сенің табынып жатыр  
бас көтере алмай бар ғалам.  
Өзінде туып,  
өрлігіңнен өгей қалуға  
Мен өлердей арланам!  
Сынайын десең – қиындықтарыңды қатталған



Арқамды тостым –  
Сал маған  
Мен әкелердің дүбірлі істерін  
жалғауға жастай ант етіп,  
Өзімді соған арнағам.  
Мен ұлылардың ұрпағы  
Қайсарлықтарын қажыта алмаған  
мылқау дүние қамауға ап,  
Атойлап олар оятқан бей-жай қалқыған  
әлемді манаурап.  
Ұлылардың ұлы мұрасын  
бүгін ұрпақтарға алып келемін,  
Жанарымда нұрлы таң аунап.  
Талғампаз тарих,  
көкірегінде сенің тұрам мен  
Алқызыл тулардай алаулап!

Бұл ырғақ өрнегін ақын «Сенім», «Тарихпен тілдесу», «Ұстазға» секілді тағы бірнеше шығармаларында қолданған. Соларды салыстыра отырып қарастырғанда мұндағы өлең ырғағының өзгешеліктерін анық байқауға болады. Алдымен көзге түсетін нәрсе – мөлшерлі көлемі, өрнегі бар бірнеше тармақтар өлеңге тірек етіп алынады да, еркін араласып келіп отырады. Олар: он үш буынды тармақ, он буынды және сегіз буынды екі тармақтан біріктіріліп қосылған он сегіз буынды тармақ, сегіз буынды тармақ, кейде жеті буынды тармақ. Соңғысының бунақталу қалпы 4 буын + 3 буын. Басқалары үш буын және бес буыннан бунақталған. Әдетте бес буынды тармақтың бөлшегі (не тармақ) 3 буын + 2 буын болып екіге бөлінетін болса, мұнда ол тұтас бір бунақ болып келе береді. Кейде ол екі сөзден құралып (айталық, 1 буын + 4 буын), кейде тіпті бүтін бір сөзден де жасалады. Мысалы: *қиындықтарда, болашақтарға*. Немесе: басқа өлең нұсқаларынан кездесетіндері: *қартаймастаймын, жарақаттанған, жарамсақтықпен, бұлқынатыйндай, большевиктердей, қаршадайымнан, қаһармандардың, коммунистерге, сенетінімдей*, т.б.

Он үш, он сегіз буынды ұзын тармақтардың жиі қолданылуы, сондай-ақ бунақ кейде бес буыннан құралып, әр жерде бес буынды сөздер кездесіп отыратыны өлеңнің ауызша айтылатын сөздің интонациясына тән сипат алуына себепші болады. Өлеңнің өзі сөйлеу интонациясына көбірек сәйкес болғандықтан және солай оқылатындықтан аракідік бес буынды бунақ орнына алты буын түсіп ұзарып, не бір буыны қысқарып, тармақтың көлемі сәл өзгерсе де, одан ырғағы солғын тартқаны байқала қоймайды. Өлең ырғағының осылай құрылуы поэзияда кездеспейтін қомақтырақ келген үйірлі сөз тіркестерін, сөйлемдерді қолдануға да мүмкіндік береді. Сөйлемдер, сөйлемшелер бірде қысқа қайырылса, енді бірде созылып, ширатыла түседі. Сөз тіркестерін ірілендіріп, көлемділеу сөздерді қосарлап топтастыра айту оңайырақ болады. Өлең сөздің нақ-нақ айтылатын ықшамдылығы біраз бәсең



тартып, оның есесіне кең орамға да келетін, еркін құбылып отыратын ырғақ өзгешелігі айқын сезіліп отырады.

Бекхожинның «Арарат ұлына», Д.Әбілевтің «Солдат қарлы окопта жатты», Ә.Сәрсенбаевтың «Мазасыз Украина түні», С.Мәуленовтың «Тыңдайды съезд», Т.Бердияровтың «Оңтүстік туралы жыр», Т.Молдағалиевтың «Немере сыры» секілді поэзиялық нұсқаларда да ерікті өлең үлгісі қолданылған.

Мақалада ерікті өлеңнің қазіргі поэзиядағы кейбір нұсқалары талданды. Бұдан басқа да арнайы қарастырылатын, зерттелетін жайлар аз емес. Ерікті өлеңнің қазіргі ақындар мысал өлеңдерде көп қолданылып жүрген түрі де, сөзсіз, мейлінше қызықты. Мұның өзі халықтық үлгіге өте жақын. Драмалық шығармаларда да белгілі өлшемге негізделген өлеңдермен, немесе, үйлесімді қарасөзбен аралас ерікті өлеңге жатқызуға болатын өрнектер кездесетін секілді. Халық поэзиясындағы нақылдарды, шешендік сөз үлгілерін жан-жақты зерттеп, олардағы кездесетін ырғақ-өрнектер бүгінгі поэзиямыздағы ерікті өлең нұсқаларының қайсысымен қаншалықты жақын келетінін анықтау да маңызды мәселе.

Жоғарыда аталған, талданған үлгілер осы бағыттағы творчестволық ізденістердің бастамасы ғана, оларды ерікті өлең түрінің қазақ поэзиясында орнығу, өркендеу мүмкіндігі, келешегі бар екенін танытатын жеке мысалдар ғана деп қарау орынды.

Поэзиядағы әбден орныққан тармақ, бунақ кестесінен бас тартқанда, өлең сөз үйреншікті жеңіл ырғақ, қалыпты әуезділігін жоғалтады да, оның орнын толтыру оңайға түспейді. Ерікті өлең сапалы, келісті шығу үшін әр сөз, сөз орамы ерекше мағыналы, мәнді болмақ керек: ырғақ-интонациясы жағынан оқшауланған әр сөйлем, қысқа сөйлемшелер ширақ, жинақы, оралымды болуға тиіс. Ал өлеңді жай қара сөзге айналдырып алмай, сөз ырғағын ширақ етіп келтіре білу, өлеңге әр сөзін салмақтап, айрықша лебізбен оқуға сай қасиет дарыту – бұл үлкен ақындық шеберлікті талап етеді.

Ерікті өлеңнің қазақ поэзиясында әзірге бар нұсқаларын бәрін бірдей толық жетілген, кемеліне келген деп айта алмаймыз. Және бұл өлең түрі қолданылған поэзиялық шығармалар әлі де жиі кездесе бермейді, олар қалыптасқан өлшем өрнектермен жазылып жүрген өлең-жырларға қарағанда әлдеқайда аз. Бәлкім, жүз шығарманың ішінде мұндай нұсқалар тек бірлі-екілі кездесіп қалар.

Бірақ мәселе оның аздығында емес. Мұндай өлең нұсқаларын қалай да әйтеуір көбейте беруге шақыру орынды болады дей алмаймыз. Бұл өрнекті жерін тауып, орнымен шебер пайдаланса ғана қазақ өлеңінің ырғақ-әуезділік байлығын, интонациялық икемділігін арттыра түсуге шын себеі тиетін болады. Ерікті өлең түрін әлі де өрістетіп, жетілдіру оны өлең-жырларда жиірек, батылырақ қолдану – аса маңызды міндеттің бірі.

**Резюме**



В статье анализируются образцы свободного стиха в казахской поэзии, рассматриваются творческие поиски поэтов в этой области.